# ТАЛАПКЕР – 2021
# 2021 ЖЫЛЫ КОЛЛЕДЖГЕ ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

**Құрметті оқырмандар, біз қазақ тілді кәсіби бағдарлау бөлімінің ашылғанын хабарлаймыз. Бұл айдарда біз Қазақстанның колледждері мен жоғары оқу орындарына түсуге қатысты мәселелерді талдаймыз.**

2021 жылы колледждерге құжаттарды қабылдау процесінде айтарлықтай өзгерістер болды.

Өзгерістерге көшпес бұрын, колледжде білім беру барысында мамандықтардың жұмысшы немесе орта буын мамандықтары болып бөлінетінін айтуымыз қажет.

**Жұмысшы мамандықтар** деп физикалық еңбекпен тікелей байланысты, бастауыш және орта деңгейдегі кәсіптік білім беру мекемелерінде алған білімдері мен дағдыларын қолдану арқылы жүзеге асырылатын қызметті айтамыз. Яғни колледжде жұмыс мамандығын аяқтағаннан кейін сіз бірден жұмысқа орналаса аласыз.

Оларға тәрбиелеушінің көмекшісі, компьютерлік графика операторы, электрослесарь, автомобиль жөндеу шебері, аспазшы секілді мамандықтарды жатқызамыз.

Жұмысшы мамандығына түсу үшін талапкер тікелей колледжге жүгінеді, онда талапкер оқуға ауызша сұхбаттасу негізінде емтихансыз қабылданады.

Жұмысшы мамандығын аяқтағаннан кейін талапкер университетке түсе






алады, бірақ ол үшін 5 мектеп пәні бойынша ҰБТ тапсыру қажет болады.

**Орта буын мамандықтарға** педагогикалық, медициналық, шығармашылық, салалар бойынша техниктер, салалалар бойынша инженерлерді және т. б. жатқызамыз.

Орта буын біліктілігі бойынша колледжді бітіргеннен кейін талапкер университетте ұқсас мамандық бойынша оқуды қашықтықтан немесе күндізгі бөлімде жалғастыра алады. Сондай-ақ, ұқсас мамандық бойынша оқыту қысқартылған формада болады. Ұқсас мамандық бойынша университетке мемлекеттік грантқа түсу үшін түлектер ҰБТ-ны колледждің жалпы білім беретін және арнайы пәндері бойынша тапсырады.

2021 жылдан бастап колледждерге түсетін талапкерлер үшін мемлекеттік гранттар мамандықтарға берілетін болады. Бұрын әрбір колледжге гранттардың белгілі бір саны бөлінген болатын, ал енді талапкер грантқа қандай колледжге өтініш беруді өзі таңдайды. Бұл әр колледждегі мемлекеттік грант иегерлерінің саны арнайы байқау нәтижелері жарияланғаннан кейін белгілі болатынын білдіреді.

**Талапкердің ең басты сұрағы – мемлекеттік грантты қалай жеңіп алуға болады?**

Алдымен мемлекеттік грантты жеңіп алу үшін қандай критерийлер ескерілетінін қарастырайық:

- Педагогика, медицина және шығармашылықтан басқа барлық бағыттар бойынша колледжде қосымша емтихандар болмайды. 9-сыныптың үздік түлектерін аттестаттағы келесі пәндердің орташа балы бойынша анықтайды: орыс/қазақ тілі, 1-бейіндік пән, 2-бейіндік пән. 11-сынып түлектері үшін басқа пәндер: орыс/қазақ тілі, Қазақстан тарихы, 1-бейіндік пән, 2-бейіндік пән
- Медициналық және педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін қабылдау емтихандары 18 тамызға дейін өтеді.
- Шығармашылық мамандықтарға түсушілер үшін емтихандар 21 маусым мен 28 шілде аралығында өтеді.

**Барлық осы критерийлерді ескере отырып, үміткер 20 маусым мен 18 тамыз аралығында өтетін мемлекеттік гранттар конкурсына қатыса алады.**

**Мемлекеттік гранттарды бөлу конкурсына қалай қатысуға болады?**

- 20 маусым мен 18 тамыз аралығында кез келген күні Білім басқармасының сайтына тіркелу.
- Кәсіптік бағдар беру тестінен өту және білім басқармасының сайтында мамандықтармен танысу.
- 4 мамандыққа дейін және 4 оқу орнына дейін бейінді пәндердің бір комбинациясы бойынша таңдау.
- Байқау нәтижелерін күту.

**Нәтижелер жарияланғаннан кейін колледжге қалай тапсыруға болады?**

Оның 2 жолы бар:

- Құжаттар тізімін жинап, колледжге өткізу.






- egov.kz сайты арқылы құжаттарды онлайн тапсыру

**Колледжге түсу үшін қажет құжаттар тізімі:**

- Білім туралы құжат (түпнұсқа).
- № 86-У нысанды медициналық анықтама (флюорография суреті міндетті).
- Баланың денсаулық паспорты (егу туралы №63 нысанды медициналық анықтама).
- 3 х 4 сантиметр өлшемді фотосурет – 4 дана
- Жеке куәлік, төлқұжат немесе туу туралы куәлік (түпнұсқа және көшірме).
- Талапкердің ЖСН көшірмесі.
- Ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі.

**Сұрақ-жауап айдары:**

**– Мемлекеттік грантты ұтқан жағдайда мемлекет тарапынан төленетін зейнетақыдан айрыламыз ба?**

– Жоқ, әлеуметтік төлемдердің ешқайсысынан айрылмайды. Академиялық үлгерімі жақсы студенттердің барлығы шәкіртақы алады.

**– Таңдалған мамандықтар бойынша бейіндік пәндер мектепте факультативті пән ретінде өтіп, оған баға қойылмаса қалай есептеледі?**

– Ондай пәндерді біз ескеріп, жіктеуішке қосқан жоқпыз. НОБД-ға енгізілген пәндерден тек бағаланатын пәндерді қостық.

**– Биылғы жылы бөлінген гранттар саны қашан белгілі болады?**

– 30 мамырға дейін әр өңірде сұранысқа ие мамандықтар тізбесін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Себебі, мемлекеттік тапсырыс тек сұранысқа ие мамандықтарға бөлінеді. Тізім белгілі болғанда Білім бөлімдерінің ресми сайтында, kundelik.kz және НОБД сайтында жарияланады.

**– Колледжді бітірген соң жұмыспен қамтамасыз етіледі ме?**

– Әр колледже жұмыспен қамту және практикадан өту бойынша арнайы бөлімдер жұмыс істейді.

**– Шығармашылық емтихандарға қалай дайындалған дұрыс және олар қандай форматта өтеді?**

– Биыл колледждерде шығармашылық мамандықтар бойынша емтихандар офлайн және онлайн форматта да өтеді. Шығармашылық емтихандар таңдаған мамандыққа байланысты екі пәннен болады.

**– Егер 11-сыныпты бітіргеннен кейін мен ЖОО-ға түспесем, колледжге түсе аламын ба?**

– Иә, әрине, сіз бірден 2-ші курсқа түсе аласыз.

**– Ақылы бөлімге түскен жағдайда жатақхана беріледі ме?**

– Колледждерде жатақхана ақылы бөлімге де, грант бойынша оқитындарға да қарастырылған (алғашқы курстар).

**– Мемлекеттік емтиханның нәтижелері грант ұтуға әсер етеді ме?**

– Жоқ, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа тек міндетті және бейіндік пәндері бойынша аттестатта көрсетілген бағалар ғана әсер етеді.


**«М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы Ақтау көлік колледжі» ЖШС**

**Құрметті түлектер!**
2021-2022 оқу жылына күндізгі және сырттай бөлім білім алушылары үшін төмендегі мамандықтар бойынша колледжге қабылдау жүргізіледі

**Оқуға түсу үшін қажетті құжаттар тізімі**

- Өтініш
- Жеке куәлік немесе Туу туралы кәулік көшірмесі;
- Білім туралы құжатының түпнұсқа;
- Көлемді 3х4 сурет 4 дана; (электронды түрде міндетті)
- Форма-063 түпнұсқа
- № 086-У формасындағы медициналық анықтама; (Ренгтен сурет міндетті)

**Колледждегі оқудың артықшылықтары**

- Колледж түлектері ҚазККА-ға оқуға түссе, білім алуын 3-курстан жалғастырады;
- Жұмысқа орналастыру кепілі;
- Мемлекеттік және корпоративтік гранттар;
- Оқу төлемақысының қолжетімділігі және төлеудің ыңғайлы шарттары;
- 5 – күндік оқу аптасы;
- Мультимедиялық және компьютерлік сыныптар;
- Колледж ғимаратында WI-FI еркін аймағы.

**Біздің мекен жайымыз:** 130000, Ақтау қаласы, 9 ш/а, № 24 ғимарат
**Байланыс телефоны:** +7 (7292) 43 60 57; +7 701 462 63 92; +7 775 896 05 97; +7 700 362 25 26, +7 777 703 66 36, +7 777 920 53 51
**Фейсбук:** Колледж Казатк
**Инстаграм:** aqtau_qazatk
**Сайт:** aktau-kazatk.kz
**Почта:** ak_kazatk@mail.ru

**Оқуға қабылдау мерзімі 2021 жылдың 20 маусымынан басталады**
**Биыл оқуға қабылдау емтихансыз жүргізіледі**

**Сайт Egov.kz – Білім – Колледждер – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау – Онлайн қызметтерге тапсырыс беру**

**«АҚТӨБЕ АВТОЖОЛ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК**

Құжаттарды электронды түрде 2021 жылдың 25 маусымынан 25 тамызына дейін SmartNation COLLEGE және EGOV арқылы тапсыруға болады

**Құрметті талапкерлер!**
**Күндізгі оқу бөліміне бюджеттік негізінде төмендегі мамандықтар бойынша қабылдау жүргізіледі**






| | |
|---|---|
| 07161300 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану |
| 07130700 | Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша) |
| 07320700 | Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану |
| 10410300 | Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару |
| 04130100 | Менеджмент (қолдану салалары бойынша) |
| 02110500 | Полиграфиялық және орау өндірісінің технологиясы |
| 07150900 | Тоңазытқыш-компрессорлық машиналар мен қондырғыларды пайдалану мен монтаждау |

**Қажетті құжаттар:**
1) білімі туралы құжаттынтүпнұсқасы
2)3х4 смкөлеміндегі 4 дана фотосурет
3) № 075-У нысаны бойынша медициналықанықтама
4) жекебасын куәландыратын құжат

Виртуалды қабылдау комиссия
Идентификатор конференции 818 2198 6355
Код доступа ZkFpJ1

**Мекен-жайымыз:** Ақтөбе қаласы Гришин көшесі, 7

www.aadk-edu.kz
aazhk.aktobe
facebook Автожол колледжі
aazhk@mail.ru
8(7132) 71 17 86
+7 708 471 1786